18/1-224 02.11.2026

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІПТІК ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ, ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ ҰЙЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ

Е 432-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Бесінщі

1. «ОҚМА» АҚ Оқу - әдістемелік орталығы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Тексеру кезеңділігі - 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 4
2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР..... 4
3 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР..... 6
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ..... 6
5 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ..... 8
6 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА БАЗАНЫ АНЫҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘРТІБІ..... 11
7 «ОҚМА» АҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ..... 12
8 ЭЛЕКТРОНДЫ КҮНДЕЛІК-ЕСЕПТІ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ..... 13
9 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР..... 21
10 КАФЕДРАЛАРДЫҢ ОӘО-НА ҰСЫНАТЫН НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРЫ.. 22
11 ҚҰЖАТТАР МЕН МҰРАҒАТТАУ..... 22
12 ЖАУАПКЕРШІЛІК..... 23

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- ҚР БҒМ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- «ОҚМА» АҚ Академиялық саясаты АС 101-2026;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2026;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

ISO 9000:2015 -Сапа менеджмент жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.
ISO 9001:2015 -Сапа менеджмент жүйесі. Талаптар.
СБ 001-2024 -Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.
СТ 002-2026 -Ішкі нормативті құжаттарды басқару.
СТ 004-2024 -Қызметтік құжаттарды басқару.
СТ 007-2024 -Жазбаларды басқару.
СТ 009-2024 -Жақсартуларды жоспарлау.
СТ 010-2024 -Басшылық тарапынан талдау.
СТ 020-2024 -Ішкі аудит.

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттар:
- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Академиялық кезең	- теориялық оқыту, аралық аттестаттау және кәсіптік практика кезеңдерін қамтитын оқу уақыты.
Білім беру бағдарламасы	- оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені; оқыту нәтижелеріне бағдарланған және тиісті кәсіби стандарттар болған кезде талаптарды ескереді.
Жасанды интеллект	- адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.
Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы	- нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.
Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі	- ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.
Кәсіптік практика	- білім алушылардың теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдылары мен кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған оқу процесінің міндетті құрамдас бөлігі.
Оқу практикасы	- білім алушылардың алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету, практикада қолдану,

	таңдаған мамандығы бойынша өздік жұмыс тәжірибесін алу.
Өндірістік практика	- оқу орнында алған теориялық білімін нақты жұмыс орнында бекітіп, кәсіби шеберлік пен практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған оқу үдерісінің міндетті бөлігі.
Клиникалық практика	- ауруларды диагностикалау, дәрігерге дейінгі процесті ұйымдастыру және дәрігерге дейінгі алдын-ала диагнозды қою, емдеу және алдын алу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру.
Дипломалды практика	- жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін бітіру курсында өткізіледі.
Практика бағдарламасы	- практиканың мақсаты, міндеттері, мазмұны, күтілетін нәтижелері және бағалау критерийлері көрсетілген құжат.

3 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылды:

«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;
ЖЖОКБҰ	- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
ОӘО	- Оқу-әдістемелік орталық;
МЖМБС	- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі;
ҚРҒЖЖБ	- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ААЖ	- автоматтандырылған ақпараттық жүйе;
ӘК	- Әдістемелік Кеңес;
ББ	- білім беру бағдарламасы;
ҚОТ	- қашықтықтан оқыту технологиялары.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже білім алушылардың оқудың барлық кезеңінде кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» Акционерлік қоғамы (әрі қарай - «ОҚМА» АҚ)

ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қызметіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Кәсіптік практиканы өткізу теориялық оқытудың нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді, жаңа технологияларды меңгеруге бағытталған.

Кәсіптік практика кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.

Практика білім алушылардың білім траекториясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және олардың меңгерген құзыреттерінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Жоғары білім деңгейінде кәсіптік практика оқу, өндірістік, клиникалық және дипломалды болып бөлінеді.

Практика бағдарламалары білім беру бағдарламалары негізінде пәндер бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларын ескере отырып әзірленеді және бекітіледі.

Осы бөлімде «ОҚМА» АҚ саясаты кәсіптік практиканы өткізуге қойылатын талаптар негізінде, Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау ережелерін әзірлейді және бекітеді.

Кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың үлгісін білім беру бағдарламасымен «ОҚМА» АҚ анықтайды.

Кәсіптік практиканың түрлері, көлемі және мазмұны білім беру стандарттарымен, білім беру бағдарламаларымен, жұмыс оқу жоспарларымен, практика бойынша оқу бағдарламаларымен айқындалады, академиялық күнтізбеде көзделген мерзімде ұйымдастырылады және өткізіледі.

Кәсіптік практикаға басшылықты осы жұмыс түрлеріне сәйкес келетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар оқытушылар, практика мамандары жүзеге асырады.

Кәсіптік практиканың әр түрінің мақсаттары, міндеттері мен бағдарламасы бар, соның негізінде кәсіптік практиканың тиісті базасы анықталады. Практиканың мақсаты мен көлемі тиісті білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

«ОҚМА» АҚ-ның кез-келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

5 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде кәсіптік практиканы академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар жүргізуге болады. Практиканың ұзақтығы білім алушының практика кезіндегі нормативтік жұмыс уақытына сәйкес апталармен айқындалады. Бір аптадағы практика көлемі 30 сағатты құрайды (бес күндік жұмыс аптасы жағдайында күніне 6 сағат). Егер практика кезеңіне жұмыс істемейтін мереке күндері сәйкес келсе, осы күндерге жоспарланған практика сағаттары күніне 7,2 сағаттан аспайтын жұмыс күндеріне қайта бөлінеді.

Барлық кезеңдерде практиканы ұйымдастыру бітірушілерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби қызмет негіздерін меңгеруінің үздіксіздігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Практикаларға оқу-әдістемелік басшылық жасау және практика бағдарламаларын әзірлеу тиісті кафедралар арқылы жүзеге асырылады. Практиканы ұйымдастыру, өткізу, қорытындылау және практика бойынша есептерді қабылдау үдерістеріне қатысты құжатталған үлгілер «ОҚМА» АҚ сапа менеджменті жүйесінің құжаттарымен реттеледі.

Оқу жылының басында бірінші айдан кешіктірмей кафедралар практиканы ұйымдастыру мен өткізуге жауапты құрылымдық бөлімге (оқу-әдістемелік орталық, бөлім немесе т.б.) ағымдағы оқу жылына кәсіптік практиканы өткізуге арналған базалардың тізімін ұсынады.

Сыртқы практиканы (соның ішінде халықаралық) ұйымдастыру үшін кафедра меңгерушісінің өтініші негізінде декан ректордың атына баянат жазады, содан кейін практиканы ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлім жеке жоспар жасайды, ол жоспарлау - экономикалық бөлімімен, есеп-қисап бөлімімен және тиісті басшылық ететін проректорлармен келісіледі.

Практикадан өтуге білім алушыларды іріктеу конкурстық негізде практика басталғанға дейін 3 апта бұрын жүргізіледі. Үміткерлерді іріктеу талаптары ретінде мыналар ескеріледі:

- оқу үлгерімі (транскрипт, GPA 3,5 кем емес);
- білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы (зерттеу жұмыстарының тізімі);
- ағылшын тілін меңгеру деңгейі (шет елдерге кеткен жағдайда) (сертификат);
- «ОҚМА» АҚ қоғамдық өміріне белсене қатысу (дипломдар, сертификаттар және т.б.).

Сыртқы практикаға үміткерлерді бекіту туралы шешім кафедра отырысында талқыланады және факультет деканымен келісіледі. Деканат

сыртқы практикаға баратын білім алушыларға кесте бойынша бұйрық шығарады.

Жауапты құрылымдық бөлім кәсіптік практиканы өткізудің жиынтық жоспарын жасайды. Жоспарда практика бекітілген кафедра, практика түрі, практика көлемі (кредит саны), практика базасы көрсетіледі. «ОҚМА» АҚ-ның практикаға жауапты құрылымдық бөлімі кафедралар ұсынған практика базаларының тізбесіне сәйкес практика базаларымен жасалған шарттардың болуын бақылайды. Жаңа практика базалары анықталған жағдайда, тиісті келісім шарттарды дайындауды, келісуді және қол қою рәсімдерін ұйымдастырады.

Практика базаларымен практика базасы ретінде анықталған ұйым (кәсіпорын, мекеме, өндіріс орындары, дәріхана, клиникалар және т.б.) мен «ОҚМА» АҚ арасында екіжақты шарт жасалады. Жекелеген жағдайларда олардың базасында тиісті практиканы өткізу мүмкіндігі туралы ұйымның (кәсіпорын, мекеме, өндіріс орындары, дәріхана, клиникалар және т.б.) хаты негіз бола алады. Білім алушылар практикадан тұрғылықты жері бойынша өткен жағдайда білім алушылар, практика базасы мен «ОҚМА» АҚ арасында үш жақты шарт жасалады.

Практика басталғанға дейін бір ай бұрын кафедра отырысында кәсіптік практиканың мақсаты, өткізу тәртібі мен кестесі, практика базаларын бекіту, топтарға жауапты мамандар мен практика жетекшілерін тағайындау, сондай-ақ білім алушыларды практика базалары бойынша бөлу мәселелері және оқу-практика бойынша дифференциалды сынақты қабылдайтын комиссия құрамын бекіту қаралады. Практикаға баратын «ОҚМА» АҚ білім алушыларының пратикасына 2 – 4 топқа бір жетекші ете алады.

Кафедра практика басталғанға дейін бір ай бұрын білім алушыларды практика базалары бойынша бөле отырып, практика өткізу кестесін ұсынады. Кестенің бір данасы практика өткізу туралы бұйрықты дайындау үшін деканатқа беріледі.

Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу практиканың өту мерзімдері, практика базалары, практика жетекшілері және білім алушылардың тізімі көрсетіле отырып, «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Бұйрық практика басталғанға дейін 2 апта бұрын шығарылады және практика базасына жіберіледі.

Кафедрадағы практика бойынша жауапты оқытушы практика басталғанға дейін 2 апта бұрын білім алушылармен келесі мәселелер бойынша конференция өткізеді:

- білім алушыларға қойылатын талаптар (мерзімі, күн тәртібі, базаларға бөлу, таныстыру, қауіпсіздік сұрақтары);

- практикалық дағдылар тізімі;
- практика күнделігін рәсімдеу және практика бойынша есептерді тапсыру тәртібі.

Кафедра практикаға жіберілген білім алушылардың саны, қарастырылатын сұрақтар тізімі, соның ішінде алдағы практика бойынша білім алушылар қоятын сұрақтар және т.б. көрсетілген бекіту конференциясының хаттамасын рәсімдейді.

Практика қорытындысы бойынша білім алушы кәсіптік практика бағдарламасының орындалуы туралы еркін түрде электронды есеп және кәсіптік практикадан өту туралы электронды күнделік-есеп тапсырады. Күнделік-есепті практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен (кафедра отырысындағы өкіммен немесе шешіммен) құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау нәтижелері балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаланады.

Практика бойынша бір жетекші тағайындаған жағдайда комиссия дифференциалды сынақ жүргізген кезде ұсынылған есепті қорғау қорытындылары бойынша көрсетілген білімге және есепті ресімдеуге сәйкес баға қояды. Практика бойынша екі жетекші тағайындау кезінде практика базасынан практика жетекшісінің бағасын ескере отырып қорытынды баға қойылады, оның үлесі қорытынды бағаның 40% құрайды және кафедра жетекшісінің ұсынған есепті қорғау бағасы қорытынды бағаның 60% құрайды. Комиссия дифференциалды сынақтарды қабылдау кезінде кәсіптік практикадан өту туралы білім алушының есебін ескеріп, қорытынды баға шығарады. Практика бағасы электронды күнделікке және «Платонус» ААЖ электронды журналына бұйрық бойынша практиканың соңғы күні қойылады. Практикадан өту орындарында интернет желісі болмаса, онда күнделік қағаз түрінде толтырылады, кейін ол ОӘО-мен тексерістен өткеннен кейін 5 жыл бойы кафедрада сақталады. Есептерді қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысы хаттамамен рәсімделеді. Дифференциалды сынақ өткізілген күні комиссия отырысының хаттамасы толтырылады. Хаттамада комиссия құрамы, білім алушылардың тізімі, практика нәтижелері бойынша жинаған балдары, қорытынды бағалары және комиссия шешімі көрсетіледі. Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттаудың қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

Практикадан өтпеген, практика бағдарламаларын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар теориялық оқытумен қатар келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестр кезеңінде практикаға қайта жіберіледі.

Практика қорытындысы бойынша кафедрада білім алушылармен бірге қорытынды есебі мәжілісі өткізіледі. Мәжілісте практика бойынша есептерді

талдау және бағалау негізінде практика бойынша қызметтер көрсетуге қатысатын барлық ұйымдардың қызметіндегі сандық және сапалық көрсеткіштерді талдау және бағалау келтіріледі. Әрбір практикалық есеп бойынша құрылымдық бөлімшелер мен бөлімдердің жетекші мамандары сараптамалық бағалау жүргізуі керек, онда нақты практиканың өндірістік үдерісін ұйымдастыруды талдаумен қатар оның сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізіледі.

Есеп түрінде практикадан өту қорытындыларын кафедралар жауапты құрылымдық бөлімшеге (оқу-әдістемелік орталық, бөлім немесе т.б.) ұсынады.

6 КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА БАЗАНЫ АНЫҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘРТІБІ

Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған база ретінде кадрларды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

Практика базалары ретінде пайдаланылатын ұйымдар (кәсіпорындар, мекемелер, өндіріс орындары, дәріхана, клиникалар және т. б.) мен білім беру ұйымдары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- «ОҚМА» АҚ мамандар даярлау жүргізілетін білім беру бағдарламалары, мамандықтар мен мамандандыру бейіні бойынша құрылымдардың болуы;
- білім алушылардың практикасын білікті басқару мүмкіндігі;
- білім алушыға практика кезінде жұмыс орнын беру мүмкіндігі;
- білім алушыларға практика бағдарламасын орындау үшін қажетті қолда бар әдебиеттерді, техникалық және басқа да құжаттарды пайдалану құқығын беру;
- бір практика базасында білім алушылардың белгілі бір топтары үшін практиканың барлық түрлерін өткізу мүмкіндігі.

Кәсіптік практика базасы ретінде айқындалған ұйыммен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін оның түрін, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, шарттың қолданылу мерзімін көрсете отырып, кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт жасалады. Келісім шарт «ОҚМА» АҚ өз бетінше кәсіптік практикаға арналған келісім шарттың типтік үлгісі негізінде жасалады.

Жоғары оқу орындары білім алушыларының кәсіптік практика базаларымен шарт кәсіптік практика басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын жасалады.

Практика жетекшілерінің функцияларын, міндеттері мен жауапкершілігін «ОҚМА» АҚ және ұйым (кәсіпорын, мекеме, өндіріс орындары, дәріхана, клиникалар және т.б.) келісім бойынша дербес айқындайды.

Кафедралар ұсынған базалармен келісім-шарттар жасалып, базалар тізімі «Платонус» ААЖ-ға енгізіледі.

Практика базасы болып табылатын ұйымдар (кәсіпорындар, мекемелер, өндіріс орындары, дәріхана, клиникалар және т. б.):

- білім алушылардың практикадан өту кезеңінде білім беру бағдарламалары мен мамандықтарының бейіні бойынша білім мен білік алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды;
- «ОҚМА» АҚ келісілген практикадан өту кестесін және жергілікті жерлерде қабылданған техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нормаларын сақтайды;
- есептер мен диссертациялық жұмыстарды дайындау үшін материал таңдауда көмек көрсетеді;
- білім алушылардың осы кәсіпорын белгілеген ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;
- «ОҚМА» АҚ міндетті түрде хабардар ете отырып, ішкі еңбек тәртібін бұзған білім алушыларға жаза қолдана алады;
- кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушылармен болған жазатайым оқиғалар үшін Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне сәйкес толық жауапты болады.

7 «ОҚМА» АҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ПРАКТИКА ТҮРЛЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

Оқу практикасы төменгі курстарда өткізілетін кәсіптік практиканың түрі, оның барысында базалық пәндер шеңберінде болашақ маманның қалыптасуының бастапқы кезеңінде білім беру үдерісінің оқу және практикалық мазмұны интеграцияланады.

Оқу практикасының мақсаты – білім алушылардың алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету, практикада қолдану, таңдаған мамандығы бойынша өздік жұмыс тәжірибесін алу.

Оқу практикасының міндеттері бөлімшелердің, қызметтердің құрылымымен танысу, функционалдық міндеттермен танысу, болашақ мамандық, мамандық бойынша дағдыларды бекіту.

Өндірістік практика білім беру бағдарламаларының, мамандықтардың бейіні бойынша жүргізіледі, білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Практика білім алушылардың

теориялық және практикалық оқыту барысында алған кәсіби және арнайы дағдыларын шоғырландыруға қызмет етеді.

Клиникалық практика ауруларды диагностикалау, дәрігерге дейінгі процесті ұйымдастыру және дәрігерге дейінгі алдын-ала диагнозды қою, емдеу және алдын алу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру.

Диплом алдындағы практика жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін бітіру курсында өткізіледі. Диплом алдындағы практиканың түпкі мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны) жазуды аяқтау болып табылады.

Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері:

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және қорыту;
- дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректер мен практикалық материалдарды талдау;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша қорытындыларды, заңдылықтарды, ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу болып табылады.

Диплом алдындағы практикаға басшылықты, әдетте, дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом алдындағы практиканың ұзақтығы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) жазуға бөлінген кредиттер санымен айқындалады.

Диплом алдындағы практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады.

Диплом алдындағы практиканың қорытындылары шығарушы (шығарушы) кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауда шығарылады. Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау кафедра отырысында өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

8 ЭЛЕКТРОНДЫ КҮНДЕЛІК-ЕСЕПТІ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

8.1. Әкімшілік

Жұмыс істеу үшін біз «ОҚМА» АҚ құрылымын қалыптастыруымыз қажет. Ол үшін әкімшіліктің жеке кабинетіне кіреміз:

- әкімшіліктің жеке кабинеті (админ-панель) ;
- браузерді ашамыз және https://e-diary.skma.edu.kz/login сайтына кіреміз;
- логин мен құпия сөзді енгіземіз;
- бас мәзірде «Факультеты» (Факультеттер) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте факультттердің тізімін көреміз;

- факультетті құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, факультет атауын үш тілде енгіземіз. «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Образовательные программы» (Білім беру бағдарламалары) батырмасын табамыз;
- ашылған беттен факультет тізімін көреміз, қажетті факультетті таңдаймыз;
- білім беру бағдарламаларын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, білім беру бағдарламалары атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша факультетке арналған білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірде «Кафедры» (Кафедралар) батырмасын табамыз;
- ашылған беттен факультет тізімін көреміз, қажетті факультетті таңдаймыз және кафедралардың тізімін көреміз;
- кафедраларды құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, кафедра атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша кафедраға арналған білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Практиканың дұрыс ұйымдастырылып, тиімді жұмыс істеуі үшін практика өтетін кафедраның кафедра меңгерушісін қосу қажет.

- бас мәзірден «Заведующие кафедрами» (Кафедра меңгерушілері) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте «Зарегистрировать заведующего кафедрой» (Кафедра меңгерушісін тіркеу) көре аламыз;
- тізімнің жоғарғы бөлігінде «Выберите базу» (Базаны таңдау) басып тиісті кафедраны таңдаймыз;
- пайдаланушының email поштасын жазамыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Группы» (топтар) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте топтардың тізімін көреміз;
- топты құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- топтың атауын енгіземіз, топтың курсын енгіземіз. Осылайша осы топқа тиесілі білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Учебные годы» (Оқу жылдары) батырмасын табамыз;

- ашылған бетте оқу кезеңдерінің тізімін көреміз;
- оқу жылын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- оқу жылының басталу уақытын енгіземіз. Оқу жылы курсын енгіземіз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Базы практики» (Практика базалары) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте практика базаларының тізімін көреміз;
- практика базаларын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, база атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша практикаға тиесілі базаны таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Практиканың дұрыс ұйымдастырылып, тиімді жұмыс істеуі үшін базадағы практика жетекшісін қосуымыз қажет.

- ол үшін бас мәзірден «Преподаватели на базе» (База жетекшілері) батырмасын басамыз;
- ашылған бетте база жетекшілері тізімін көреміз;
- пайдаланушыны (Пользователи) құру үшін тізімнің жоғарғы бөлігінде «Выберите базу» (Базаны таңдау) басып тиісті кафедраны таңдаймыз;
- пайдаланушының email поштасын жазамыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

8.2. Кафедра меңгерушісіне:

- әкімшілік немесе оқу-әдістемелік орталықтың қызметкері Сізді кафедра меңгерушісі ретінде қосқаннан кейін https://e-diary.skma.edu.kz/login сайтына кіреміз. Жаңа парақша ашылғаннан кейін оқу-әдістемелік орталық қызметкері берген өзіңіздің почтаңызбен, құпия сөзіңізді енгізіп «Войти» (Кіру) батырмасын басамыз;
- ТАЖ (тегі, аты-жөні) парақшасы ашылады, барлық өрістерді толтыра отырып, ТАЖ енгіземіз. «Сохранить» (Сақтау) батырмасын басамыз;
- жеке кабинеттің парақшасы ашылады.

Практикалардың тізімі:

- бас мәзірден «Практика» батырмасын табамыз;
- практика бөліміне кірген жерде алдыңыздан практика атауы шығады, осы жерден білім алушылардың мәліметтерін экранның оң жағында сізге керекті практиканың тұсына барып үш таңбасы бар батырманы басып кіресіз;
- алдыңыздан білім алушылар тізімі шығады. Осы жерден экранның оң жақ бетінде көк батырманы басу арқылы әр білім алушының практикасы туралы мәліметтерді көре аласыз;
- осы жерден «Подпись» (Қолы) қоя аласыз және білім алушылардың мәліметтерін көре аласыз.

8.3. ОӘО қызметкері:

- әкімшілік Сізді ОӘО қызметкері ретінде қосқаннан кейін, браузерді ашамыз және https://e-diary.skma.edu.kz/login сайтына кіреміз;
- логин мен құпия сөзді енгіземіз;
- бас мәзірде «Факультеты» (Факультеттер) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте факульттердің тізімін көреміз;
- факультетті құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, факультет атауын үш тілде енгіземіз. «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Образовательные программы» (Білім беру бағдарламалары) батырмасын табамыз;
- ашылған беттен факультет тізімін көреміз, қажетті факультетті таңдаймыз;
- білім беру бағдарламаларын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, білім беру бағдарламалары атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша факультетке арналған білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірде «Кафедры» (Кафедралар) батырмасын табамыз;
- ашылған беттен факультет тізімін көреміз, қажетті факультетті таңдаймыз және кафедралардың тізімін көреміз;
- кафедраларды құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, кафедра атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша кафедраға арналған білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Практиканың дұрыс ұйымдастырылып, тиімді жұмыс істеуі үшін практика өтетін кафедраның кафедра меңгерушісін қосу қажет.

- бас мәзірден «Заведующие кафедрами» (Кафедра меңгерушісі) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте «Зарегистрировать заведующего кафедрой» (Кафедра меңгерушісін тіркеу) көре аламыз;
- тізімнің жоғарғы бөлігінде «Выберите базу» (Базаны таңдау) басып тиісті кафедраны таңдаймыз;
- пайдаланушының email поштасын жазамыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Группы» (Топтар) батырмасын табамыз;

- ашылған бетте топтардың тізімін көреміз;
- топты құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- топтың атауын енгіземіз. Топтың курсын енгіземіз. Осылайша осы топқа тиесілі білім беру бағдарламасын таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Учебные годы» (Оқу жылдары) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте оқу кезеңдерінің тізімін көреміз;
- оқу жылын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз;
- оқу жылының басталу уақытын енгіземіз. Оқу жылы курсын енгіземіз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;
- бас мәзірден «Базы практики» (Практика базалары) батырмасын табамыз;
- ашылған бетте практика базаларының тізімін көреміз;
- практика базаларын құру үшін «Создать» (Құру) батырмасын басамыз.
- қосымша үш тілдік режимде (қазақша, орысша, ағылшынша) жұмыс жасағандықтан, база атауын үш тілде енгіземіз. Осылайша практикаға тиесілі базаны таңдаймыз. «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Практиканың дұрыс ұйымдастырылып, тиімді жұмыс істеуі үшін базадағы практика жетекшісін қосуымыз қажет.

- ол үшін бас мәзірден «Преподаватели на базе» (База жетекшілері) батырмасын басамыз;
- ашылған бетте база жетекшілері тізімін көреміз;
- пайдаланушыны құру үшін тізімнің жоғарғы бөлігінде «Выберите базу» (Базаны таңдау) басып тиісті кафедраны таңдаймыз;
- пайдаланушының email поштасын жазамыз, «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

8.4. Базадағы практика жетекшісі:

- оқу-әдістемелік орталықтың қызметкері Сізді практика жетекшісі ретінде қосқаннан кейін, https://e-diary.skma.edu.kz/practices сайтына кіріп, жаңа парақша ашылғаннан кейін оқу-әдістемелік орталық қызметкері берген өзіңіздің почтаңызбен, құпия сөзіңізді енгізіп «Войти» (Кіру) батырмасын басамыз;
- «Редактировать» (Жөндеу) батырмасын басып толық аты-жөнімізді жазып толтырып, «Сохранить» (Сақтау) батырмасын басамыз.

Білім алушылардың тізімі:

- барлық білім алушылардың тізімін «Действия» (Әрекет) бағанасындағы білім алушының таңбасы бар батырманы басу арқылы көре аласыз;

- экранның сол жақ бетінде практика бөліміне кірген кезде, кафедра жетекшісі тіркеп қойған практика атауы алдыңыздан автоматты түрде шығады;

- экранның оң жақ бетінде көк батырманы басу арқылы білім алушылардың тізімін көре аламыз;

- білім алушының практикасы туралы мәліметтерді экранның оң жақ бетінде көк батырманы басу арқылы біле аласыздар;

- экранның оң жақ бетінде білім алушының күнделік толтырған мәліметтері тұрады;

- ашылған беттен 3 батырманы басу арқылы білім алушының өткен практикасы бойынша бағасын, қолын қоясыз, пікіріңізді жазасыз.

8.5. Кафедрадағы практика жетекшісі:

- оқу-әдістемелік орталықтың қызметкері Сізді практика жетекшісі ретінде қосқаннан кейін, https://e-diary.skma.edu.kz/practices сайтына кіріп, жаңа парақша ашылғаннан кейін оқу-әдістемелік орталық қызметкері берген өзіңіздің почтаңызбен, құпия сөзіңізді енгізіп «Войти» (Кіру) батырмасын басамыз;

- «Редактировать» (Жөндеу) батырмасын басып толық аты-жөнімізді жазып толтырып, «Сохранить» (Сақтау) батырмасын басамыз.

Білім алушылардың тізімі:

- барлық білім алушылардың тізімін «Действия» (Әрекет) бағанасындағы білім алушының таңбасы бар батырманы басу арқылы көре аласыз;

- білім алушыны құру үшін «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;

- білім алушының E-mail поштасын өріске жазамыз. Сондай-ақ, топты таңдап, «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;

- практиканы тіркеу үшін экранның сол жақ бетінде практика бөліміне кіреміз және «Создать» (Құру) батырмасын басып тіркейміз;

- практиканы құру үшін «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;

- практика атауын өріске толтырамыз;

- сағат саны өрісіне сағаты санын жазамыз;

- оқу кезеңдері тізімінен оқу жылын таңдаймыз;

- практика Базасы өрісінен практика базасын таңдаймыз;

- практика өтетін тілді таңдаймыз. Соңғы практика есебі Сіз таңдаған тілде шығады;

- «Практика мерзімі» өрісінен практиканың мерзімін таңдаймыз. Басқаннан кейін күнтізбе шығады. Күнтізбеде практиканың бірінші күнін (мысалы 1 сәуір) басамыз. Осыдан кейін практиканын соңғы күнін (мысалы 30 сәуір) белгілеп, басамыз;

- осыдан кейін барлық өрістер толтырылып, «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз.

Егер практика деректерін өзгерту қажет болса, (мысалы, егер сіз практика атауында грамматикалық қателіктер тапсаңыз немесе басқа база таңдап қалсаңыз) практика тізімінің қасында «Действия» (Әрекет) бағанасында карындаштың суреті бар таңба бар, соны басасыз, практиканы құрған кездегідей ұқсас парақша ашылады, бірақ деректері толтырылған болады. Өзгерту қажет өрісті өзгертіп, «Өзгерту» (Изменить) батырмасын басамыз;

Практика білім алушылары.

- практикадан өтетін білім алушылардың тізімін көру үшін білім алушының таңбасы бар батырманы басамыз, білім алушылардың парақшасы ашылады;

- ашылған бетте таңдалған практиканың білім алушыларының тізімі шығады;

- білім алушыны қосу үшін «Добавить» (Қосу) батырмасын басамыз;

- ашылған бетте іздеу нысанын көре аламыз. ТАЖ (Тегі, аты-жөні) үш тілде, сондай-ақ топ бойынша іздеп табуға болады;

- әр білім алушының қасында «Действия» (Әрекет) бағаны бар. Онда тек жалғыз түрінде «Добавить» (Қосу) таңбасы болады. Осыны басамыз және білім алушы практикаға енгізіледі;

- білім алушы тіркелгеннен кейін білім алушының практикасы туралы мәліметтерді экранның оң жақ бетінде көк батырманы басу арқылы біле аласыздар;

- егер Сіз қателесіп білім алушыны практикаға енгізіп қойсаңыз, әр білім алушының қасында «Әрекет» (Дейтсвия) бағанында қоқыс жәшігінің таңбасы бар, соны басамыз;

- сондай-ақ, қоқыс жәшігі таңбасының қасында «Әрекет» (Действия) бағанында қарындаштың суреті бар таңбаны көруімізге болады;

- білім алушыға баға қою немесе пікір жазу қажет болған кезде осы батырманы басамыз, ашылған бетте қажетті мәліметті толтырып, «Сохранить» (Сақтау) батырмасын басамыз.

Практика білім алушының жоспары (күнделік-есебі):

- білім алушылардың тізімінде әр білім алушының жеке кабинетінде білім жеке жоспарын (күнделік-есебін) көре аламыз. Осы парақшада «Поставить подпись» (Қол қою) батырмасын баса аламыз;

- «Поставить подпись» (Қол қою) таңбасының қасында білім алушының есебінің мәртебесін көруге болады. Егер білім алушы есепті қалыптастырса, онда біз «Скачать отчет» (Есепті жүктеу) батырмасын көре аламыз. Есепті жүктеп алу үшін «Скачать отчет» (Есепті жүктеу) батырмасын басамыз;

- браузер терезесінде PDF файл ашылады. Оны жүктеп алу үшін жоғарғы бөлігіндегі «Скачать» (Сақтау) батырмасын басамыз;

Пікірлерді енгізу:

- білім алушының күнделік-есебінінің жоспарында және есебінде жазған мәліметті көре аламыз;

8.6. Практика комиссиясы:

- әкімшілік немесе Оқу-әдістемелік орталықтың қызметкері Сізді кафедра меңгерушісі ретінде қосқаннан кейін https://e-diary.skma.edu.kz/login сайтына кіреміз. Жаңа парақша ашылғаннан кейін оқу-әдістемелік орталық қызметкері берген өзіңіздің почтаңызбен, құпия сөзіңізді енгізіп «Войти» (Кіру) батырмасын басамыз;
- ТАЖ (Тегі, аты-жөні) парақшасы ашылады, барлық өрістерді толтыра отырып, ТАЖ енгіземіз, «Сохранить» (Сақтау) батырмасын басамыз;
- жеке кабинеттің парақшасы ашылады;

Практикалардың тізімі:

- бас мәзірден «Практика» батырмасын табамыз;
- практика бөліміне кірген жерде алдыңыздан практика атауы шығады, осы жерден білім алушылардың мәліметтерін экранның оң жағында сізге керекті практиканың тұсына барып үш таңбасы бар батырманы басып кіресіз;
- алдыңыздан білім алушылар тізімі шығады. Осы жерден экранның оң жақ бетінде көк батырманы басу арқылы әр білім алушының практикасы туралы мәліметтерді көре аласыз.

8.7. Білім алушы

- сізді практикаға қосқаннан кейін https://e-diary.skma.edu.kz/login сайтына кіреміз. Жаңа парақша ашылғаннан кейін кафедра жетекшіңіз қосқан өзіңіздің почтаңызбен, құпия сөзіңізді енгізіп «Войти» (Кіру) батырмасын басамыз;
